

«MyCar Finance» МҚҰ» ЖШС Директорының  
2020 жылғы «03» шілде № 11 бұйрығымен бекітілген  
Микрокредит беру туралы шарттың № 1,2 үлгілік нысанына  
№2-қосымша

## ҮЛГІЛІК ЕРЕЖЕЛЕР

### 1. Анықтамалар мен түсініктемелер

1.1. Егер Шартта тікелей өзге қарастырылмаған жағдайда, Шартта және Қосымшаларда қолданылатын барлық терминдер мен анықтамалар келесі мағынаны білдіреді:

« <b>Сыйақы</b> » - берілген Микрокредит үшін МҚҰ тиесілі ақшаның жылдық мөлшері есебінен Микрокредит сомасына пайыздық түрде анықталған төлем.
« <b>Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі</b> » - Қолданыстағы заңнамаға сәйкес есептелетін Микрокредит бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері оны есептеу үшін қажетті деректер өзгерген жағдайда, Қолданыстағы заңнамада белгіленген тәртіппен түзетілуі мүмкін.
« <b>Сату-сатып алу шарты</b> » - Көлік құралдарын сату- сатып алуға қатысты сатушы ретінде Дилер және сатып алушы ретінде Қарыз алушы арасында тиісті үлгіде жасалған Сату-сатып алу Шарты.
« <b>Шарт</b> », « <b>Микрокредит беру туралы шарт</b> » - шарт, МҚҰ оған сәйкес Қарыз алушыға Микрокредит береді.
« <b>Дилер орталығы</b> » - Дистрибьютермен /Импорттаушымен және/немесе шығарушы зауытпен жасасқан келісім-шарт негізінде бір не бірнеше географиялық нүктеде автокөлік брендин (тауар маркасын) ұсынатын компания. Осы Ережеде «Дилер орталығы» ұғымына, қолданысы бар болса, басқа да компаниялар жатады.
« <b>Заң</b> » - «Микроқаржы қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.
« <b>Сыйақының мәні</b> » - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шекті мөлшері белгіленетін Микрокредит үшін төлем.
« <b>Орындауды алу бойынша МҚҰ шығындары</b> » - Қарыз алушының осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындауын алуы бойынша МҚҰ шеккен шығыстар сомасы (сот шығындарын, коллекторлық агенттіктерге сыйақыны, кепіл затын сату бойынша аукцион өткізуге арналған шығыстарды және т.б. қоса алғанда, бірақ шектелмей).
« <b>Кредиттік бюро</b> » - «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС, «Мемлекеттік кредит бюро» АҚ және өзге де кредиттік бюролар.
« <b>Микрокредит</b> » - МҚҰ Қарыз алушыға Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық талаптарымен Заңда және осы Шартта айқындалған мөлшерде және тәртіппен берілген ақша. Микрокредит сатып алу мақсатында беріледі: <ul style="list-style-type: none"><li>- Дилердің ағымдағы шотына қажетті соманы аудару жолымен көлік құралын;</li><li>- сақтандыру компаниясының(ларының) ағымдағы шоттарына сақтандыру сыйлықақыларын төлеу арқылы міндетті/ерікті сақтандыру қызметтері.</li></ul>

<p><b>«Қолайсыз мән-жайлар»</b> - Сатып алу - сату шартын жасасқанға дейін пайда болған Көлік құралына қатысты айдап әкету, ұрлау, кепіл құқықтары, тыйым салу немесе өзге де ауыртпалықтар немесе үшінші тұлғалардың талап етуі, сот, төрелік және өзге де шешімдері немесе Мемлекеттік органдардың актілері, сондай-ақ нәтижесінде Дилердің немесе Қарыз алушының Көлік құралын иелену заңсыз болып табылатын немесе Дилердің немесе Қарыз алушының Көлік құралына меншік құқығының заңдылығына дау айту қаупі бар өзге әрекеттер мен оқиғалар.</p>
<p><b>«Микронесиелерді беру ережелері»</b> - Қолданыстағы заңнамаға сәйкес әзірленген және Микронесиелеудің принциптерін, рәсімдері мен талаптарын анықтайтын МҚҰ ішкі ережелері.</p>
<p><b>«Кепілге салынатын зат»</b> - Қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін қосымша қамтамасыз ету ретінде не Көлік құралы ауыстырылған жағдайда Қарыз алушы немесе үшінші тұлға берген Көлік құралы, сондай-ақ өзге де мүлік.</p>
<p><b>«МҚҰ өкілі»</b> - МҚҰ тарапынан сенімхат және/немесе өзге де құжат негізінде Микронесие алушыдан құжаттар қабылдауға, МҚҰ атынан шарттарға қол қоюға, Микронесие алушыларға Өтеу кестелерін беруге, сондай-ақ сенімхатта және/немесе өзге де құжатта қарастырылған өзге де әрекеттерді жасауға өкілеттік берілген жеке тұлға. МҚҰ өкілі Дилердің ғимаратында/бөлмесінде отырады.</p>
<p><b>«Қолданыстағы заңнама»</b> - осы Шартқа қол қойған күннен бастап әрекет ететін Қазақстан Республикасының заңнамасы.</p>
<p><b>«Үлгілік ережелер»</b> - Осы Үлгілік ережелер Микронесие беру туралы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.</p>
<p><b>«Қоса қарыз алушы»</b> - Қарыз алушымен бірге Шартқа қол қоятын жеке тұлға/жеке кәсіпкер/ заңды тұлға, ол алынған Микронесиені қайтару бойынша, сондай-ақ сыйақы және Микронесие бойынша басқа да төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді орындауды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, шарт бойынша міндеттемелердің орындалуына Қарыз алушымен ортақ жауапкершілікте болады.</p> <p>Тараптар осы арқылы Қарыз алушы және Қоса қарыз алушы бірлесіп бір Тарап болып, ары қарай «Қарыз алушы» деп аталатынына сөзсіз келіседі, сонымен қатар Қарыз алушының барлық құқықтары мен міндеттері бірдей дәрежеде Қарыз алушыға және Қоса қарыз алушыға тиісті болады. Қарыз алушы және Қоса қарыз алушы Шартта көзделген шарттарды орындайды және міндеттерді толық көлемде атқарады, сондай-ақ Шарт бойынша ниеттес жауапкершілікті атқарады. Қарыз алушыға барлық сілтемелер бірге алынған Қарыз алушы мен Қоса қарыз алушы сияқты, сондай-ақ олардың әрқайсысын жеке білдіреді.</p>
<p><b>«Микронесие бойынша артық төлем сомасы»</b> – Микронесие мәнін қоспағанда, сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын қоса алғанда, шарт бойынша Қарыз алушының барлық төлемдерінің сомасы.</p>
<p><b>«Тараптар»</b> - Қарыз алушы, Қоса қарыз алушы (бар болған жағдайда) және МҚҰ.  <b>«Тарап»</b> - деген олардың әрқайсысын жеке білдіреді.</p>
<p><b>«Көлік құралы»</b> - Шарт аясында берілген Микронесие сомасы есебінен сатып алынатын және/немесе Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін қамтамасыз ету үшін Кепіл беруші және МҚҰ ретінде Қарыз алушы арасында жасалған автокөлік құралы кепілінің шартына сәйкес кепілге берілген бір немесе бірнеше көлік құралдары және олардың ажырамас жақсартулары.</p>

1.2. Терминдер мен анықтамаларға кез келген сілтемелер, егер контекстен өзгеше туындамаса, көпше түрдегі терминдер мен анықтамаларға және керісінше сілтемелерді білдіреді.

1.3. Егер тікелей өзгеше көрсетілмесе, бапқа сілтеме, тармақ Шарттың бабына немесе тармағына сілтеме болып табылады.

1.4. Тақырыптар сілтемелердің қолайлығы үшін келтірілген және Шартты түсіндіру үшін пайдаланылмайды.

## 2. Жалпы талаптар

2.1. Осы Үлгілік ережелер негізгі талаптарды анықтайды, оларды Тараптар Микронесие беру кезінде басшылыққа алады.

2.2. Тараптар қол қойған Шарт Қарыз алушының Үлгілік ережелердің барлық ережелерімен келісетінін білдіреді.

- 2.3. Үлгілік ережелер Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады. Үлгілік ережелерінде белгіленген Тараптардың барлық шарттары, құқықтары мен міндеттері, егер Шартта өзге көзделмесе, Шартта белгіленген құқықтары мен міндеттеріне, шарттарына толықтырулар болып Тараптармен орындалады. Егер Үлгілік ережелер мен Шарт арасында қайшылықтар туындаған жағдайда Шарттың күші басым болады.
- 2.4. Осы Үлгілік ережелер Тараптар Шартқа қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Қолданыстағы заңнамға сәйкес Шартты тоқтату өзге негіздеме орын алса (туындаса) (олардың қайсысы бұрын күшіне енуіне байланысты) немесе Шарт бойынша МҚҰ алдында Қарыз алушының барлық міндеттерді толық орындағанға дейін әрекет етеді.
- 2.5. Шартты және осы Үлгілік ережелерді орындаудан бір жақты бас тартуға, сондай-ақ Қолданыстағы заңнамға және Шартта көзделген басқа жағдайларда, Шартты және Үлгілік ережелерді бір жақты өзгертуге, толықтыруға және/немесе бұзуға жол берілмейді.
- 2.6. Микронесие мен оған есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешек болған жағдайда, сондай-ақ осы Шартта қарастырылған басқа да жағдайларда, МҚҰ Үлгілік ережеде қарастырылған тәсілдермен Қарыз алушыға хабарлама жібереді.

### **3. Микронесие беру тәртібі**

- 3.1. Микронесие сомасын Дилердің және сақтандыру компания(лардың) егер қолданылса, ағымдағы шотына аудару арқылы Микронесие беріледі.
- 3.2. Микронесие беру күні болып Шартқа сәйкес, Дилердің шотына және/немесе сақтандыру компаниясының(лардың), егер қолданылса, шотына ақша аударған күн саналады. Микронесиені қайтару күні өтеу үшін Шотқа ақша түскен күн саналады. Микронесие сомасын беру күні және қайтару күні толық көлемде 1 (бір) күн деп белгіленеді, сонымен қатар бір жыл 360 (үш жүз алпыс) күнге тең, ал ай 30 (отыз) күнге тең деп қабылданады.
- 3.3. Микронесиені пайдаланған үшін сыйақы төлемдерін есептеу Микронесиені пайдаланған нақты күн саны үшін, Микронесие берілген күннен бастап Микронесиенің нақты қалған өтелмеген сомасына күн сайын жүргізіледі, сонымен қатар бір жыл 360 (үш жүз) күнге тең, ал ай 30 (отыз) күнге тең деп қабылданады.
- 3.4. Негізгі қарызды және/немесе есептелген сыйақыны төлеу күндері демалыс ия болмаса мейрам күніне сәйкес келген жағдайда, Микронесие бойынша төлемді жүргізу Өтеу кестесінде көрсетілген одан кейінгі келесі жұмыс күніне ауыстырылады.
- 3.5. Осы құжат арқылы Қарыз алушы МҚҰ коммерциялық құпияны, Микронесие беру құпиясын және Қолданыстағы заңнама арқылы қорғалатын өзге кез келген құпияны үшінші тұлғалардың пайдасына ашуға шартсыз, мерзімсіз және қайтарып алынбайтын келісімін береді. Сонымен бірге Қарыз алушы коммерциялық құпияны, Микронесиені ұсыну құпиясын және Қолданыстағы заңнама бойынша кез келген басқа құпияны кез келген үшінші тұлғаларға ашуға МҚҰ - ға жазбаша келісімін МҚҰ бөлмесінде өзінің қатысуымен өткен осы Шартқа қол қою кезінде Қолданыстағы заңнамға белгіленген тәртіппен берілген деп куәландырады.

### **4. Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін тиісті орындауын қамтамасыз ету**

- 4.1. Қамтамасыз етуді ұсынған тұлғалардың бірінің төлем қабілеттілігі Шарттың қолданылу мерзімі ішінде МҚҰ тұрғысынан нашарлаған жағдайда, не осындай мүмкіндіктің туындау себептеріне қарамастан, автокөлік құралының кепіл шарты бойынша МҚҰ құқықтарын іске асыру мүмкін болмауы, сондай-ақ МҚҰ тұрғысынан кепіл затының сапасы өзгеше нашарлаған кезде Қарыз алушы МҚҰ -ның бірінші талабы бойынша Шарт бойынша Қарыз алушының төлем міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін МҚҰ пікірі бойынша қажетті мөлшерде қосымша қамтамасыз етуді ұсынуға міндетті.
- 4.2. Тараптар осы арқылы Микронесиені қайтару жөніндегі шығыстарды және кепіл затын іске асыру жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, МҚҰ -ның барлық шығыстарын Қарыз алушы өтейтініне сөзсіз келісті.

## **5. Микронесиені мерзімінен бұрын төлеу тәртібі**

5.1. Қарыз алушы осы Шарт бойынша берілген Микронесиенің сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған жағдайда, Микронесие қайтарылған күнге дейін пайдаланылған Микронесиеге қатысты осы Шарт бойынша есептелген сыйақыны төлеуге міндетті.

5.2. МҚҰ берген Микронесиені төледі кейінге қалдырылған мерзімнен кейін, Микронесиені мерзімінен бұрын төлеген жағдайда, Қарыз алушы осы арқылы Микронесие бойынша негізгі қарызды және кейінге қалдырылған мерзім үшін есептелген қарызды төлеуге міндеттенеді, бірақ мерзімінен бұрын төлеген сәттегі Микронесиені қолданғаны үшін төленбеген сыйақыны емес.

### *Мерзімінен бұрын ішінара төлеу*

5.3. Микронесиені ішінара мерзімінен бұрын өтеу Қарыз алушының Клиенттік қолдау қызметіне өтініші негізінде, бірақ өтеу үшін шоттарға ақша нақты түскен күннен ерте емес жүзеге асырылады.

5.4. Қарыз алушының Микронесиені мерзімінен бұрын ішінара өтеуге өтініші болмаған кезде енгізілген ақша сомасы қолданыстағы өтеу кестесіне сәйкес Микронесие бойынша кезекті төлемді алдын ала төлеу болып танылады.

5.5. Микронесиені мерзімінен бұрын ішінара өтеу мақсаты үшін Қарыз алушы қалаған соманы өтеу үшін шоттарға енгізеді, Микронесиені мерзімінен бұрын ішінара өтеуге өтінішпен Клиенттік қолдау қызметіне жүгінеді.

5.6. МҚҰ Микронесиені мерзімінен бұрын ішінара өтеу туралы жазбаша өтініш пен ақшаның төленгенін растайтын құжатты алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күн ішінде Микронесиенің құрылымын өзгертеді, Қарыз алушының Микронесиені мерзімінен бұрын ішінара өтеу шотына енгізген ақша сомаларын ескере отырып, жаңа Өтеу кестесін дайындайды және оны Қарыз алушыға қол қою үшін береді.

5.7. Қарыз алушы осы арқылы МҚҰ берген Өтеу кестесін алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күн ішінде оған қол қоюға міндеттенеді, осы Өтеу кестесіне сәйкес Қарыз алушы Микронесиені және Микронесие бойынша есептелген сыйақыны төлейді. Қарыз алушы Кестеге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, Микронесиені мерзімінен бұрын ішінара жабу есеп шотына салынған сома Өтеу кестесіне сәйкес Микронесие бойынша кезекті төлемнің алдын-ала төлемі деп қабылданады.

### *Мерзімінен бұрын толық төлеу*

5.8. Микронесиені мерзімінен бұрын толық өтеу мақсатында Қарыз алушы Микронесиені толық өтеу жоспарланған күнге сай келетін оның ағымдағы берешегін нақтылау үшін Клиенттерді қолдау қызметіне алдын ала хабарласады, аталған соманы өтеуге арналған Шотқа енгізеді.

5.9. Микронесиені мерзімінен бұрын толық төлеу Қарыз алушының МҚҰ-ға өтініші негізінде іске асырылады, бірақ соманы өтеуге арналған Шотқа ақшаның нақтылы түскен күннен ерте емес мезетте. 5.10. Қарыз алушының ағымдағы берешегін толық мерзімінен бұрын өтеу үшін жеткілікті ақша сомасы болған кезде, МҚҰ ақша алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күн ішінде Микронесиені толық мерзімінен бұрын өтеуді жүргізеді және Қарыз алушыға Кепілге салынған заттан ауыртпалықты алу үшін қажетті құжаттарды ұсынады. Кепілге салынған заттан ауыртпалықты алу үшін қажетті құжаттарды Қарыз алушыға пошта арқылы жіберу мерзімдері осы тармақта көрсетілген есепке 5 (бес) жұмыс күні енгізілмейді.

5.11. Қарыз алушының ағымдағы берешегін мерзімінен бұрын толық өтеу мақсатында өтеуге арналған Шотқа енгізілген ақша сомасы жеткіліксіз болса, енгізілген ақша сомасы қолданыстағы Өтеу кестесіне сәйкес Микронесие бойынша кезекті төлемнің (төлемдердің) алдын-ала төлемі деп танылады.

5.12. Осымен қарыз алушы Микронесие бойынша берешекті толық өтегеннен кейін туындаған 500 (бес жүз) теңгеге дейінгі мөлшерде артық төлем сомасын өз табысы деп тануына сөзсіз, мерзімсіз және қайтарып алынбайтын келісім береді.

5.13. Қарыз алушының қалауы бойынша және оның жазбаша берген өтінішінің негізінде МҚҰ, осы өтініште көрсетілген, Қарыз алушының банктік шотына Микронесие бойынша қарызды мерзімінен бұрын ішінара

төлегеннен кейін қалған 501 (бес жүз бір) теңгеден артық мөлшердегі артық төлем сомасын Қарыз алушыға қайтарады.

#### *Сақтандыру өтемақысын алған жағдайда Микронесиені өтеу*

5.14. Сақтандыру жағдайы орын алған кезде, МҚҰ пайда көруші болып табылатын сақтандыру шарты бойынша МҚҰ пайдасына сақтандыру өтемақысы ретінде түскен сомаларды МҚҰ осы Шарт бойынша Қарыз алушының Микронесие, есептелеген сыйақы және басқа да сомалар бойынша берешекті өтеуге жұмсайды.

5.15. Егер алынған сақтандыру өтемі Қарыз алушының Микронесие, сыйақы және шарт бойынша басқа да сомалар бойынша берешегінің мөлшерінен асып кеткен жағдайда, МҚҰ Қарыз алушының Микронесие, есептелген сыйақы және шарт бойынша басқа да сомалар бойынша берешегін өтеуді сақтандыру өтемінің сомасы есебінен жүзеге асырған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтандыру өтемі мен Микронесие, сыйақы бойынша берешек сомасы мен Шарт бойынша басқа да сомалар (бұдан әрі – «Сақтандыру өтемінің қалдығы») Қарыз алушы аударған (аударған) сәтке дейін алдын ала МҚҰ ұсынған Сақтандыру өтемінің қалдығын аударуға (аударуға) арналған өтініште көрсетілген төлем деректемелері мен нұсқаулықтарға сәйкес Қарыз алушының банктік шотына аударуға (аударуға).

5.16. Қарыз алушы қайтыс болған жағдайда, МҚҰ Сақтандыру өтемақысының қалғанын мұрагерлікті қабылдаған Қарыз алушының мұрагерінің банктік шот(тар)ына мұрагер(лер)дің төлем деректемелері мен нұсқаулықтарына сәйкес, немесе Қолданыстағы заңнамаға сәйкес осындай нұсқаулықтар беру құқығы бар басқа тұлғалар мен органдардың төлем нұсқаулықтарына сәйкес аударылады.

5.17. Егер алынған сақтандыру өтемі Микронесие, сыйақы және шарт бойынша басқа да сомалар бойынша Қарыз алушының берешегін толық көлемде өтеу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, МҚҰ талаптары негізінде Қарыз алушы МҚҰ сақтандыру өтемі түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде өтеу үшін шоттарға сақтандыру өтемі мен Микронесие бойынша берешек сомасы, оның ішінде сыйақылар мен басқа да сомалар арасындағы айырманы енгізуге міндетті.

## 6. Міндеттер мен растаулары

6.1. Қарыз алушы міндетті

6.1.1. Сақтандыру компаниясында(ларында) Көлік құралын сақтандыру шартына қол қойылған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде және Көлік құралының ағымдағы нарықтық құнынан төмен емес сақтандыру сомасына МҚҰ -да айқындалған талаптарда Көлік құралын сақтандыруға; Шарт пен автокөлік құралын кепіл шартына сәйкес Шарттың барлық қолданылу мерзіміне және осы әрекетпен байланысты барлық шығыстарды көтеруге.

6.1.2. сақтандыру компаниясында (ларында) Шарттың барлық қолданылу мерзімі ішінде және МҚҰ та айқындалған талаптарда сақтандырудың қолданылу кезеңін тоқтатуға немесе тоқтата тұруға жол бермей, Көлік құралын сақтандыру шартын жасасуға (ұзартуға).

6.1.3. Әрбір күн үшін негізгі борыштың ағымдағы сомасынан 0,15% (нөл бүтін жүзден он бес пайыз) мөлшерінде айыппұлды төлеуге:

- Көлік құралын сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйақысын төлеу есебіне кезекті төлемді төлеу мерзімі өткен;
- Көлік құралын сақтандыру шартының қолданылуы тоқтатылған жағдайда Көлік құралын сақтандыруды ұзартпағанда.

6.1.4. алынған Микронесие сомасын уақтылы және толық сомада қайтаруға және шартта белгіленген мерзімде және тәртіппен ол бойынша сыйақы төлеуге.

6.1.5. Микронесиені толық немесе ішінара уақтылы қайтармаған және/немесе ол бойынша сыйақы төленген жағдайда, Шартта айқындалған мөлшерде және тәртіппен МҚҰ тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеуге.

- 6.1.6. Осы Шартқа және Қолданыстағы заңнамаға сәйкес МҚҰ талап еткен құжаттар мен мәліметтерді МҚҰ талаптарында көрсетілген мерзім ішінде ұсынуға.
- 6.1.7. Микронесие берілген күні сатып алынатын МҚҰ кредиттейтін Көлік құралы МҚҰ - ның талаптарына сәйкес болуын қамтамасыз етуге.
- 6.1.8. Осы Шарттың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін жағдайлардың орын алғандығы туралы, оның ішінде жазатайым оқиға орын алғанда немесе Қарыз алушының денсаулығына басқадай себептермен зиян келгенде, сақтандырылған жағдай орын алғанда немесе Қарыз алушының қаржылық жағдайы нашарлағанда, Қарыз алушының мүлкіне тыйым салынғанда, сонымен қатар үшінші тұлға тарапынан Қарыз алушы шағымдар және/немесе талап арыз алғаны туралы, Кепілге қойылған заттың жоғалғанда немесе күйі нашарлағанда МҚҰ -ке тез арада хабарлауға.
- 6.1.9. Жеке куәлігі (төлқұжаты), тұрғылықты жері, жұмыс орны ауысқан жағдайда, Қарыз алушының құрылтай құжаттарына өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізілген кезінде, Қарыз алушыны қайта тіркеу, заңды мекен-жайы және/немесе Қарыз алушының орналасқан жері өзгергенде, сондай-ақ, сауалнамада – Микронесие алуға берген өтініште көрсетілген басқа да мәліметтері, байланыс деректері/деректемелері өзгерген кезінде, осындай өзгеріс орын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күннен кешіктірмей осы Шарттың талаптарына сәйкес МҚҰ -ке хабарлама жіберуге.
- 6.1.10. Кепілге қойылған заттың сақталғанын тексеру мақсатында МҚҰ -нің өкілетті тұлғаларының тексеруіне рұқсат беруді қамтамасыз ету/рұқсат ету. Тексеру өткізу санын және оның мерзімін МҚҰ анықтайды.
- 6.1.11. МҚҰ алдын-ала жазбаша келісімімен не жазбаша талап етуімен осы Шартта, автокөлік құралын кепілге қою шартында және Қолданыстағы заңнамада қарастырылған жағдайларда МҚҰ талаптарында көрсетілген мерзім ішінде Кепілге қойылған заттың бағасы бойынша оған теңесетін және өтімді мүлікпен ауыстыруға.
- 6.1.12. МҚҰ талаптарында көрсетілген мерзім ішінде МҚҰ -ның талаптарын қанағаттандыратындай, кепіл беруші ретінде үшінші тұлғаның осы Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелерінің орындалуын қосымша қамтамасыз етуге беру немесе берілуін қамтамасыз етуге.
- 6.1.13. МҚҰ талабы бойынша осы Шартта және Қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда, МҚҰ талаптарында көрсетілген мерзім ішінде осы Шарттың және Қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес Микронесие және оған қатысты сыйақы сомасын, айыппұлдар мен өсімақыларды (бар болған жағдайда) мерзімінен бұрын қайтаруға/төлеуге.
- 6.1.14. МҚҰ талабы бойынша МҚҰ -ке Қарыз алушының меншігіндегі мүлік туралы құжат түрінде расталған мәліметтерді, сондай-ақ МҚҰ талаптарында көрсетілген мерзім ішінде Қарыз алушының табысын растайтын басқа да құжаттарды ұсынуға.
- 6.1.15. Егер Шарт бойынша міндеттемелерді қамтамасыз ету жол жүрісі бар кепілге салудың мәні болып табылған жағдайда, МҚҰ алдын ала жазбаша келісімінсіз Сату-сатып алу шартты бұзбау және сатып алушы ретінде Қарыз алушының алдында Сатушы ретінде Дилердің жауапкершілігіне қатысты Сату-сатып алу шартының талаптарын өзгертпеуге.
- 6.2. Қарыз алушы осы арқылы МҚҰ -қа төмендегілерді растайды және кепілдік береді (Қарыз алушы осындай растаулар мен берілген кепілдіктерге сүйене отырып, МҚҰ осы Шартты жасауға келіскенін мойындайды):
- 6.2.1. Қарыз алушыға шарт жасалғанға дейін сараланған төлемдер әдісін, икемді төлемдер әдісін және аннуитетті төлемдер әдісін пайдалана отырып есептелген Микронесиені өтеу кестелерінің жобалары танысу және таңдау үшін ұсынылды;
- 6.2.2. Қарыз алушыға Микронесиені алуға, қызмет көрсетуге және төлеуге (қайтаруға) қатысты төлемдер туралы ақпарат берілді, және де мұндай ақпарат толық және қол жетімді болып табылады.
- 6.2.3. Қарыз алушы Микронесие алуға қатысты өзінің құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етілген.
- 6.2.4. Қарыз алушы өзіне түсінікті болған Микронесие алу Ережелерімен, сондай-ақ Микронесие беру бойынша тарифтермен танысты.
- 6.2.5. Қарыз алушының осы Шартты жасаудан бас тарту мүмкіндігі болды.
- 6.2.6. Қарыз алушы МҚҰ -ға берген барлық ақпараттар нақты және жеткілікті болып табылады.

6.2.7. Қарыз алушының құқықтық қабілетті, әрекет істеуге қабілетті және осы Шартты жасауға және орындауға барлық өкілеттілігі бар.

6.2.8. Қарыз алушы өзінің барлық ағымдағы қарыздары мен ауыртпалықтарын, талаптарын және үшінші тұлға тарапынан оның барлық мүлкіне қатысты ниеттес екенін ашып көрсетеді.

6.2.9. осы Шартқа қол қойған сәтте болған Қарыз алушының кез-келген үшінші тұлғамен қарым-қатынасы кедергі болып табылмайды, және Қарыз алушыға осы Шартты жасауға қатысты шектеулер болмайды.

6.2.10. осы Шарт бойынша МҚҰ -ке тиесілі барлық төлемдер, кез-келген үшінші тұлғаның талабына қарамастан, ең бірінші кезекте жүзеге асырылатын болады, басымдылығы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған төлемдерді қоспағанда.

6.2.11. Шарт талаптарын орындамаған кезде Қарыз алушы жауап бермейтін және мұндай мән-жайлар ТФҚ үшін оның Шартта көзделген құқықтарын іске асыруға кедергі болып табылмайтын жағдайларды қоса алғанда, кез келген мән-жайларға сілтеме жасауға құқығы жоқ.

6.2.12. Қарыз алушыға оның қаржылық жағдайына елеулі теріс әсер етуі мүмкін және шарт бойынша өз міндеттемелері бойынша жауап беру мүмкіндігі қандай да бір жағдайлар туралы белгісіз.

6.2.13. Қарыз алушы осы Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындау үшін Қарыз алушыға кедергі келтіруі мүмкін сот талқылауларына тартылмаған.

6.2.14. егер Микронесие беру туралы Шарт жол жүрісі бар Көлік құралына қатысты жасалған жағдайда, Көлік құралына қатысты Қолайсыз жағдайлар болмайды және болашақта да туындамайды.

6.2.15. осы Шартқа және автокөлік құралын кепілге алу шартына сәйкес Қарыз алушы немесе үшінші тұлға кепілге жол жүрісі бар Көлік құралын қосымша қамтамасыздандыру ретінде немесе Кепілге қойылған затты алмастырған жағдайда, мұндай көлік құралына қатысты Қолайсыз жағдайлар болмайды және болашақта да туындамайды.

6.3. Қарыз алушы Үлгілік ереженің 6.2-тармағында қамтылған растаулар мен кепілдіктер шарттың елеулі талаптары болып табылатынын растайды. Үлгілік ереженің 6.2-тармағында көрсетілген растаулар мен кепілдіктердің кез келгенін бұзу Шарттың елеулі бұзылуы болып табылады және көрсетілген тармақтарда қамтылған растаулар мен кепілдіктер бұзылған жағдайда, МҚҰ Қарыз алушыдан Микронесие бойынша берешекті ол бойынша тиесілі сыйақыны, тұрақсыздық айыбын (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) төлеумен бірге мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге, сондай-ақ кепілге қойылған затына өндіріп алуды жүргізуге құқығы бар.

6.4. Егер Шарт жол жүрісі бар Көлік құралына қатысты жасалған жағдайда, Сатып алу-сату шартында нысаны мен мазмұны бойынша Дилер Қарыз алушының алдында сатып алушы ретінде қолайсыз жағдайлар үшін сатушы ретінде жауапкершілігі туралы МҚҰ қанағаттандыратын ереже болуы тиіс, әйтпесе Қарыз алушының Микронесие беруді талап етуге құқығы жоқ, ал МҚҰ Микронесие беруге міндетті емес.

## 7. Өзге талаптар

7.1. Айыппұл санкцияларын (тұрақсыздық айыбын, айыппұлдарды, өсімпұлдарды) есептеу және ұсыну Тараптардың міндеті емес, құқық болып табылады және егер олар ұсынылмаса, онда есептеуге және төлеуге жатпайды.

7.2. Тараптар Шарт пен оған Қосымшалар Қолданылатын заңнамамен реттеледі деп келіседі.

7.3. Тараптар арасында ымыраға қол жеткізілмеген жағдайда Шарттан туындайтын немесе онымен байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктерді МҚҰ орналасқан жердегі қолданыстағы заңнамаға сәйкес сот шешуі тиіс.

7.4. Қарыз алушының осы Шарт бойынша өз құқықтарын МҚҰ -ға алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тарапқа беруге құқығы жоқ.

7.5. Тараптардың құқық мирасқоры шарт бойынша Шартта баяндалған талаптар мен міндеттерді, оның ішінде ықтимал даулар мен келіспеушіліктерді реттеуге байланысты талаптар мен міндеттерді тікелей өзіне қабылдайды.

## 8. Хабарламалар мен талаптарды жіберу

8.1. Тараптар осы арқылы МҚҰ Қарыз алушыға Шартта көзделген құжаттарды беру туралы талапты Шарттың қолданылу мерзімі ішінде кез келген уақытта МҚҰ таңдауы бойынша мынадай тәсілдердің кез келгенімен жіберетінін келіседі және растайды:

- Қарыз алушының телефон нөміріне мәтіндік хабарлама түрінде Қарыз алушыға жіберу жолымен, және/немесе
- Ортақ қолданыстағы ақпараттық-телекоммуникациялық желілерді пайдалана отырып, оның ішінде Интернет желісі, Қарыз алушының электрондық поштасының мекен- жайы бойынша электрондық хабарлама жіберу жолымен, және/немесе
- Қарыз алушының тіркелген мекен-жайы бойынша, Қарыз алушының тұрғылықты жері бойынша алғандығы туралы хабарламамен тапсырыс хат жіберу жолымен, және/немесе
- тікелей Қарыз алушыға талаптарды беру жолымен, және/немесе
- Қарыз алушының телефон нөмірі бойынша МҚҰ талаптары туралы Қарыз алушыға ауызша хабарлама жеткізу жолымен, және/немесе
- өз қалауы бойынша МҚҰ анықтаған басқа кез-келген тәсілмен.

8.2. Тараптар осы арқылы Шарт бойынша МҚҰ талап еткен құжаттарды МҚҰ өкіліне, оған іс жүзінде алғандығы туралы қол қойғыза отырып, беруге міндетті екендігіне келісімдерін береді және растайды.

8.3. Тараптар осы арқылы Қарыз алушыға МҚҰ жіберген кез-келген хабарлама төмендегі тәсілдердің бірімен Қарыз алушыға жолданған жағдайда, хабарлама лайықты түрде рәсімделген және Қарыз алушы алған болып есептелетіндігіне келісім береді және растайды:

- Қарыз алушының телефон нөміріне мәтіндік түрде хабарлама жіберу;
- ортақ қолданыстағы ақпараттық- телекоммуникациялық желілерді пайдалана отырып, оның ішінде Интернет желісі, Қарыз алушының электрондық поштасының мекен-жайы бойынша электрондық хабарлама жіберу түрінде;
- Қарыз алушының тіркелген және/немесе тұрғылықты мекен-жайына жеткізетін пошта қызметі арқылы.

8.4. Тараптар осы арқылы Қарыз алушының МҚҰ - қа жіберген кез-келген хабарламасы төмендегі тәсілдердің бірімен МҚҰ -қа жолданған жағдайда, хабарлама лайықты түрде рәсімделген және МҚҰ алған болып есептелетіндігіне келісім береді және растайды:

- алғандығы туралы қолын қойғыза отырып Дилерде болатын, МҚҰ Өкіліне тапсырумен;
- МҚҰ -ның тұрғылықты жері бойынша мекен- жайына курьерлік қызмет арқылы жіберу.

8.5. Осы Шартқа сәйкес Қарыз алушының байланысу мәліметері/деректемелері өзгергендігі туралы Қарыз алушы МҚҰ жазбаша түрде хабарламау салдарынан Қарыз алушы хабарламаларды алмағаны немесе уақытында алмағаны үшін МҚҰ жауапкершілікке тартылмайды.

8.6. Тараптар осы арқылы Қарыз алушы хабарламаларды жіберу және/немесе алу мақсаттары үшін қандай да бір жедел байланыс құралдарын пайдаланудың барлық және кез келген тәуекелін (үшінші тұлғалардың кез келген қасақана іс-қимылдарының, оның ішінде алаяқтықтың, жіберілген ақпаратқа уәкілетті емес қол жеткізудің, сондай-ақ осындай ақпаратты Қарыз алушы/ МҚҰ алғанға дейін, хабарламаларды беру үшін пайдаланылатын жедел байланыс құралдарының, қызметтерді немесе жабдықтарды жеткізушілердің жұмысындағы проблемалардан туындаған жоғалтудың тәуекелін қоса алғанда, бірақшектелмей) өзіне қабылдайды.

8.7. МҚҰ хабарламаларды беру кезіндегі кез келген ақаулар үшін және/немесе хабарлама берілуі және/немесе алынуы тиіс кез келген жабдықтың ақаулары үшін жауапты болмайды.



8.8. МҚҰ, сондай-ақ МҚҰ хабарламаларын, үшінші тұлғалардың қаскүнемдік іс-әрекеттерінен алмау/уақтылы алмау нәтижесінде туындаған Қарыз алушының шығындарын қоса, бірақ олармен шектелмей, жедел байланыс құралдарын пайдалана отырып хабарламаларды жіберуге байланысты Қарыз алушыға келтіруі мүмкін кез келген залалдар үшін, егер мұндай залалдар МҚҰ өз міндеттерін ұқыпсыздық немесе қасақана орындамаудың нәтижесі болып табылатыны дәлелденбесе, МҚҰ жауапкершілікке тартылмайды.

## ПРИМЕРНЫЕ УСЛОВИЯ

### 1. Определения и толкования

1.1. Все термины и определения, используемые в Договоре и Приложениях, если иное прямо не предусмотрено в Договоре означают следующее:

<b>«Вознаграждение»</b> - плата за предоставленный микрокредит, определенная в процентном выражении к сумме Микрокредита из расчета годового размера причитающихся МФО денег.
<b>«Годовая эффективная ставка вознаграждения»</b> - Ставка Вознаграждения в достоверном, годовом, эффективном, сопоставимом исчислении по Микрокредиту, рассчитываемая в соответствии с Применимым законодательством. Размер Годовой эффективной ставки вознаграждения может быть скорректирован в случае изменения данных, необходимых для ее расчета, в порядке, определенном Применимым законодательством.
<b>«Договор купли-продажи»</b> - Договор купли-продажи, надлежащим образом заключенный между Заемщиком в качестве покупателя и Дилером в качестве продавца в отношении купли-продажи Транспортного средства.
<b>«Договор», «Договор о предоставлении микрокредита»</b> - договор, в соответствии с которым МФО предоставляет Заемщику/ Созаемщику Микрокредит.
<b>«Дилерский центр»</b> - Компания, представляющая автомобильный бренд (торговую марку) в одной или нескольких географических точках, на основании соответствующего договора, заключенного с Дистрибьютором/Импортером и/или заводом-изготовителем. Под понятие Дилерский центр в настоящих Правилах подпадают и иные компании, где оно применимо
<b>«Закон»</b> - Закон Республики Казахстан «О микрофинансовой деятельности».
<b>«Значение вознаграждения»</b> - Плата за Микрокредит, предельный размер которого устанавливается законодательством РК.
<b>«Издержки МФО по получению исполнения»</b> - Суммы расходов (включая, но не ограничиваясь: судебные издержки, вознаграждение коллекторским агентствам, расходы на проведение аукциона по реализации Предмета залога и т.п.), понесенные МФО по получению исполнения Заемщиком обязательств по настоящему Договору.
<b>«Кредитные бюро»</b> - ТОО «Первое кредитное бюро», АО «Государственное кредитное бюро» и иные кредитные бюро.
